

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

2020 жылдың 15 мамыры

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«Психология здоровья человека
в глобализирующемся мире»
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова
15 мая 2020 года

PROCEEDINGS

International scientific conference about
«Psychology of human health in a globalizing world»
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 159.9 (063)
ББК 88,3
П 86

Редакционная коллегия

Қашхынбай Б.Б.-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

Сламбекова Т.С. - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

Айкинбаева Г.К. -кандидат педагогических наук, доцент

Мамбеталина А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Нурадинов А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Рыскулова М.М. -кандидат педагогических наук, доцент

Исаханова А.А. – PhD психологии

Организационный комитет

Ақымбек Г.Ш. -магистр психологии

Бурдесбекова У.И. -магистр педагогики

Құнанбаева А.Ж. -магистр психологии

Лекенова А.-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

ISBN 978-601-337-343-0

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

ISBN 978-601-337-343-0

©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020

©Кафедра социальной педагогики и самопознание

ЕНУ им Л.Н. Гумилева

5. Н.В Петрова. Социальный контроль деструктивной деятельности новых религиозных организаций:./Башкирия, Уфа, 2006 ж – 102 б
6. В.С Агапов Становление Я-концепции в системе духовных потребностей подростков: -М., 1994. – 22 бет.
7. И.Н Торғаева. Психолого-акмеологические факторы формирования личности о профессиональной Я-концепции. Ульяновск, 2006 ж. – 16 б.
8. Е.В Чернышев. Особенности Я-концепций личности осужденных: Екатеринбург, 2005. – 5 б.

ӘОЖ 159.972

АРТТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Мизам Айдана
mizamaidon@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
5В010100- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының студенті
Ғылыми жетекші - Жұмабекова Ф.Н., п.ғ.к., доцент

"Әрбір бала - суретші. Балалық жастан өтіп, суретші болып қалу - басты қиындық" *Пабло Пикассо*

Арт-педагогика да, [арт-терапия](#) да – бала тәрбиесі мәселесі бойынша әлемдік тәжірибеде бағзыдан бері бар әдістер. Қазақстанда бұл сала енді ғана қалыптасу сатысында тұр. Аталмыш әдістердің алғашқысы ХХ ғасырдың орта шенінде, екіншісі одан бұрынырақта пайда болған. Жан-Жак Руссо – баланы түсіну үшін оның ойынын үзбей бақылау қажеттігін алғашқылар қатарында ұсынғандардың бірі. Алайда балалар ойыны арт-терапия әдісі ретінде мейлінше кештеу, [1920 жылы қолданыла бастады](#). Психосарапшылар балалар ойынын бақылай отырып, бүлдіршіндердің ойын барысында өзінің қобалжыңқы көңіл-күй ауанынан арылудың, өзінің мәселесін өзі «шешудің» бірегей нұсқасын түзіп шығатынына көз жеткізген. Арт-педагогикада негізінен дидактикалық ойындар, кескіндеме, фотосурет, музыка және би өнерлері белсенді түрде пайдаланылады.

Арт-терапия ұғымының өзі де ауру адамның психоэмоциональды халіне шығармашылық арқылы ем жүргізу және әсер ету, бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. Көбінесе ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған.

Арт-терапия әдісі ұлтаралық, отбасылық қарым-қатынастардың қанағаттанарлық деңгейде болмауына, басқа да құбылыстарға байланысты күйзеліске түсудің, көңіл күй тұрақсыздығы туындауының, жалғыздықты сезінудің, ашушаңдықтың нәтижесінде эмоционалдық даму қиындықтарын бастан өткерушінің психологиялық көңіл күйін түзуді дiттейдi [1].

Арт-терапия әдісі дамуының бастауына психоанализдік көзқарастар әсер етті. Осы көзқарастар бойынша соңғы өнім, көркемдік емделушінің іс-әрекеті ол сурет немесе мүсін, ол бейсаналы психикалық процестердің көрінуі болып саналады. 20-жылдардағы осы салада көп зерттеулер жүргізген Принцхорн өзінің ауруларды емдеушілерінің шығармашылығын және психикалық, классикалық зерттеулерінен мынадай қорытындыға келді: өнер – ауру адамдардың көбінесе олардың интенсивті ішкі шиеленістеріне әсер етеді. Америка Құрама Штаттарында өнерді терапиялық мақсаттарда алғаш қолданғандардың бірі Маргарет Наумбург болды. Бұл саладағы еңбек етуін ол Нью-Йорк штатындағы психо-терапиялық институтында мінез-құлқында ауытқуы бар мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасау арқылы бастаған. Кейіннен Маргарет Наумбург Нью-Йорк штатында арт-терапия саласында мамандар дайындау үшін психоаналитикалық бағдарламаларды жасайды. Маргарет Наумбург жұмыстары психоанализ бағытының психологиядағы негізін салушы З. Фрейдтің көзқарастарына негізделген: ондағы алғашқы ойлар мен қобалжулар, санадан тыс вербалды емес түрде пайда болады және бейне мен символдар формасында көрініс береді. Арт-терапия терапевтпен емделушінің арасындағы символикалық деңгейдегі қарым-қатынастың тәсілі ретінде қолданылады. Қазіргі кезде арт-терапия өнерге қатысты барлық қызмет түрлерінде психотерапиялық мақсаттарға қолданылып келеді.

Арт – терапия мәселесімен әйгілі Австриялық ғалым психоанализдің негізін салушы З.Фрейд, Швейцария ғалымы К.Г.Юнг, Америкалық ғалым гуманитарлық психологияның негізін салушылар К.Р.Роджерс және А.Маслоу. Қазіргі таңда арт – терапия ғылымын Американдық М.Наумбург, Э.Крамер, Л.Гантт, Б.Болл. Ресейлік ғалымдар А.И.Копытин, Е.А.Медведева, И.Ю.Левченко, Л.Н.Комиссарова, И.В.Сусина, Д.М.Лебедева, О.И.Качурина сынды ғалымдар көптеген арт – терапияға байланысты еңбектер жазып, қорқыныш, үрей, мазасыздық жағдайларына әсерін зерттеген болатын.

Қазақстанда И.С. Сарыбаева, С.М. Дүйсенова, Ергалиева Г.А, А.А.Жантуреева., Т.Т.Мақсотовадардың, «Арт-терапия мүмкіндіктері» оқу-әдістемелік құралы, Р.Т, Алимбаева, Г.Қ.Айқынбаева «Бастауыш мектепке келген балалардың даму деңгейін анықтап білу әдістемесі» жарық көрген [2].

Оның бүгінде музыка терапиясы, бейнелеу терапиясы, сурет салу, ертегі терапиясы, құм терапиясы, драма терапиясы, «түстермен байланыс» терапиясы, ойын терапиясы, қуыршақ терапиясы, кинезотерапия, библиотерапия, флоротерапия, ипотерапия, акватерапия сияқты түрлері де көп. Олардың жүйеленуі әрбір өнердің ерекшеліктеріне негізделеді. Ал арт-педагогиканың мақсаты – өнерді, шығармашылық тұрғыда ойлау мен эмоционалдық жадыны дамыту, балалардың ішкі әлеміндегі рухани - адамгершілік ахуалды үйлестіру және оларды әлеуметтендіру, өрендерді ұлттық және әлемдік құндылықтарға, салт-дәстүрлерге, мәдениет пен өнердің мазмұнына құрметпен қарауға, өзін өзі тұлғалық дамытуға тәрбиелеу құралдары арқылы танымдық қабілетін жандандыру болып

табылады. Негізінен мәдениеттілік, білім берушілік, тәрбиелеушілік, түзетушілік күзіреттеріне ие.

Арт-педагогиканың мәні ерекше балаларды өнер құралдары арқылы оқыту мен тәрбиелеуде және балаларда көркемөнер мен мәдениет негіздерін және көркемөнердің әр түрінде біліктілік дағдыларын игеруді қалыптастыруда жатыр. Арт-педагогикалық әдістерді балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтің қиын мәселелерін шешуде де әлеуеттік құрал ретінде қарастыруға болады [2].

Қазақстанда мектепке дейінгі білім беру жүйесі негізінен баланың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала-біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр. Көптеген кіші мектеп жасындағы балалар өзінің ойын, қобалжуын сөзбен жеткізуге киналады. Олар үшін өз ойын жеткізудің оңай жолдары ойын барысында, бейнелеу өнері немесе шығармашылық белсенділіктің басқа да формаларымен байқалады.

Психотерапияның маңызды салаларының бірі қазіргі таңда арт-терапия болып табылады. Сондықтан бұл терапия қарқынды даму үстіндегі психотерапиялық әдістердің жаңа түрі болып табылады. Терапияның бұл түрі қазіргі таңда үлкен жетістіктерге ие екендігі белгілі.

Арттерапия–бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. “*Арттерапия*”– термині (*art – өнер, arttherapy – өнер арқылы терапия жүргізу*). Арт терапия - бұл емдеу ғана емес, сонымен қатар креативтің дамуы, тұлғаның дамуы мен үйлесімділігі, кез-келген жағдайды шешуге көмек көрсету.

Балабақшада *арт - терапияның төмендегідей түрлері*: Аннимациялық терапия, Видиотерапия, Драмалық терапия, Ойын терапиясы, Бейнелеу өнері терапиясы, Бет бейне (перде) терапиясы, Музыка терапиясы, Құм терапиясы, Сазбалшық терапиясы, Ертегі терапиясы, Түстер терапиясы, Фото терапия т.б. тәжірибеде пайдаланылады [3].

Арттерапия бүгінде мектепке дейінгі ұйымдарда кеңінен қолданыла бастады. Оның түрлері: сурет терапиясы, құм терапиясы; сазбалшық терапиясы, драматерапия, музыкатерапия, кинотерапия, куклотерапия, битерапиясы, фото терапия, ертегі терапиясы т.б.

Арттерапияның маңызы:

- топта жағымды эмоционалды көңіл күй құруға септігін тигізеді.
- өз қатарластарымен, ата-анасымен, педагогтармен және т.б. қарым-қатынас процесін жеңілдетеді.
- шығармашылық әрекетке бірге қатысу балаларды бірін-бірі оң қабылдауға үйретеді.

- балабақшаларда, әсіресе, көпұлтты топтарда тілдік барьерді жеңуге көмектеседі.

- тәрбиешілерге бала дыбыстап тілімен жеткізуге, талқылауға қиналатын мәселелерге көңіл аударуға мүмкіндік туғызады.

Арттерапияны пайдануға ұсыныстар:

1. Материалдық-техникалық жабдықтауды қамтамасыз ету.
2. Арттерапияның теориясымен терең танысып, оны жүзеге асырудың жолдарын үйренуге әрекет ету керек. (семинарлар тернингтерге қатысып сертификат алу).
3. Қандай бағытты таңдап алу керектігін нақтылау, жүйелі, тұрақты жүргізуге және стандартқа сәйкестігін анықтап алу. (вриативтік бөлік)
4. Арттерапияның балалармен жүргізуде жеке дара(диагнозына сәйкес), шағын топпен және жалпы топпен өткізудегі әсеріне баса назар аудару, шығармашылыққа, қызығушылығына қарай пайдалану.

Соның ішінде балаларды жан-жақты дамыту үшін арт-терапияның мынадай бағыттарымен жұмыс жүргізудің маңызы зор:

Құм терапиясы - адамға өзінің жан дүниесіндегі өз «Менін», өзін тануға, өзіне өте маңызды, жан тебірентерлік және құпиясының ашылуына көмектеседі. Құм терапиясы - клиенттің немесе емделушінің мәселелерін жөндеуге және проблемаларды оған қауіпсіз түрдегі рольдік қимыл-әрекеттің түрі, бейнелеме (символика) арқылы әлемге айтарын жолдауды қолдану арқылы анықтауға көмек көрсетеді. Құм терапиясы - балаларға үлкен мүмкіндік, баланың уайымдау немесе қайғыру сәтін ашып көрсете алады. Сәби құммен ойнап отырып, өзінің бойындағы ауыр сезімді ұмыта бастайды. Құммен ойнағанда бала қателесуден қорықпайды. Қарапайым ойнау әдісін іске асырады.

Музыканың терапиялық әсері бұрынғы заманнан бері белгілі. Музыка терапиясының негізгі механизмдерінің әсері әдістің әр адамға ыңғайлы әрі қолайлылығын көрсетеді.

- біріншіден, ырғақ сақталған музыка мидың бөліктеріне әсер ету арқылы оның жұмыс істеуіне көмектеседі.

- екіншіден, әр музыканың өзіндік белгілері бар. Адамның белгілі бір жағдайы мен көңіл күйімен байланыса отырып, адам бойында белгілі бір эмоцияның пайда болуына әсер етеді.

Бейнелеу терапиясын қолданудың негізгі мақсаты - баланың немесе ересек адамның қандай да бір қимылды таңдауына қарамастан, баланың өзін-өзі тануына және өз әлемінде өмір сүруіне демеу беру болып табылады.

Ойын терапиясы - арт-терапияның бір түріне жатады. Бұл терапияның жүргізу үлкендер мен балалардың әлеуметтік және психологиялық мәселелерді жеңу үшін, жеке және эмоционалды дамуы үшін арнайы ойындар қолданады. Егер бала ойынға белсенді және бар ықыласымен қатысса, емдеу әсерлі болады. Ойын баланың психологиялық ахуалын сақтауға, оның қоғаммен қарым-қатынасын анықтауға көмектеседі, ересек өмірге дайындайды [4].

Арт-терапия:

1. Топта жағымды эмоционалды көңіл күй құруға септігін тигізеді.
2. Өз қатарластарымен, ата-анасымен, педагогтармен және т.б. қарым-қатынас процесін жеңілдетеді. Шығармашылық әрекетке бірге қатысу балаларды бірін-бірі оң қабылдауға үйретеді.
3. Бала бақшаларда, әсіресе, көпұлтты топтарда тілдік барьерді жеңуге көмектеседі.
4. Тәрбиешілерге бала дыбыстап тілімен жеткізуге, талқылауға қиналатын мәселелерге көңіл аударуға мүмкіндік туғызады. Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Арт-терапияны қолдану, топтың психологиялық өзгешеліктерін, ерекшеліктерін зерттеп танып-білуге көп мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқыту процесінде осы терапияны қолдану арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға төмендегідей ықпал етеді:
 - танымдық үрдісін дамытуға;
 - өзінің ішкі әлемін түсіну қабілетін дамытуға;
 - өзіне-өзі сенімділігін, өзін-өзі қабылдау, жақсы көруді дамытуға;
 - зердесін, эмоциясы мен сезімдерін дамытуға;
 - күрт қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамытуға;
 - өзін-өзі алып жүре алуын, дербестігін дамытуға;
 - өзін-өзі көрсете алуына, өзін-өзі жетілдіруге ынтасын дамытуға;
 - өй өрісін, ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға.

Ойымызды қорытындылай келе, арттерапия баланың бойындағы шығармашылық қабілеттерін дамытатындығына көз жеткіздік. Ал шығармашылық қабілеттер қиялдың байлығымен, ойлаудың ерекшелігімен, заттарға деген сындарлы көзқараспен жаңа шешім және идеяларды ұсыну мүмкіндігімен, өз білімін, икемділігі мен дағдысын іске асыру барысында өмірлік белсенді ұстаным көрсете білуімен сипатталады. Демек баланың шығармашылығын дамытуда арттерапиялық әдістемелерді қолдану маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А. И. Копытин . Арт–терапия и арт педагогика как факторы актуализации регионального и универсального культурного компонентов в условиях глобализации. «Рухани жаңғыру аясында болашақ мамандар даярлау: жаңашылдық және тәжірибе» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар жинағы. Астана. 2018. 73 -77 б.
2. Алимбаева Р.Т., Айқынбаева Г.Қ. бастауыш мектепке келген балалардың даму деңгейін анықтап білу әдістемесі. – Қарағанды, 1999. – 63-65 бб.
3. Никольская И. М. Арттерапия – терапия изобразительным искусством // Учебник Детская психиатрия (под ред. Э. Г. Эйдемиллера), СПб.: Питер, 2005. С. 993.
4. Ергалиева Г.А. Арт-терапия мүмкіндіктері: Оқу-әдістемелік құрал. /Г.А.Ергалиева., А.А.Жантурсева., Т.Т.Мақсотова - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2016,-110 бет.